

## "Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 26 қазандағы N 1383

1994-1995 жылдары Реформаларды жеделдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес нарық қатынастарын қалыптастыру, бәсекені дамыту және жекешелендіру процестерін терендету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін оның иелену, пайдалану және басқару құқықтарына тыйым салсын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі

мемлекеттік комитеті:

Н 1 қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдардың акцияларын жеке жекешелендіру бағдарламасы бойынша сатсын;

Н 2 қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдардың акцияларын қолданылып жүрген зандарға сәйкес сатсын;

3. "Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 тамыздағы N 750 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 34, 393-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 26 қазандағы  
N 1383 қаулысына  
1 қосымша

"Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясының  
құрамынан шығарылған және жеке жоба бойынша  
жекешелендіруге жатқызылған акционерлік  
қоғамдардың

тізбесі

"Карбон" АҚ, Рудный қаласы, Қостанай облысы

"Карбид" АҚ, Теміртау қаласы

"Акпо" АҚ, Ақтау қаласы

Ақтөбе хром қоспалары зауыты

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 26 қазандагы

№ 1383 қаулысына

2 қосымша

"Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясының  
құрамынан шығарылған және жаппай жекешелендіруге  
жатқызылған акционерлік қоғамдардың

тізбесі

"Индербор" АҚ, Атырау облысының Индербор поселкесі

"Ритхимнефть" АҚ, Атырау қаласы

"Қазхимреактив" АҚ, Алматы қаласы